

## **Елшінің Халықаралық Хинди Құнінде сөйлетін сөзі**

Құрметті Ерұлан Жиенбаев мырза, Махахта Ганди атындағы мектебінің директоры, Ақмарал Кайназарова, Алматы қаласындағы Үнді класикалық биорталығының директоры, құрметті қонақтар, қымбатты достар және оқушылар.

Мен бүгін Халықаралық хинди тілі күні Махахта Ганди атындағы мектебінде тойланып жатқандығына өте қуаныштымын. Осы себепті сіздерді шын жүректен құттықтаймын.

Хинди тілі Үндістандағы ең әйгілі тілдердің бірі. Ол 400 миллионнан астам үндістердің ана тілі болып есептеледі. Үндістаннан басқа, хинди тілінде көптеген мемлекеттерде сөйлейді. Оңтүстік Азияда, көптеген адамдар Хинди тілінде сөйлей алады және түсінеді, сонымен бірге оны қарым-қатынас құралы ретінде қолданады.

Әлемнің басқа бөліктерінде де, қай жерде шығу тегі Оңтүстік Азия халқы болмасын, хинди тілі кеңінен қолданылады. Бағалауға сәйкес, хинди тілі әлемдегі үшінші немесе төртінші ең көп сөйлейтін тіл болып табылады. Үндістерден басқа, басқа мемлекеттерде индологияға қызығушылық білдірушілер де, хинди тілін үйренеді. Бұл бай үнді мәдениетін жақсы түсінуге мүмкіндік береді.

Хинди тілі тамаша тіл және оны үйрену жеңіл. Өлдекім оны үйренуді бастағанда, оны бірден ұнатады. Мен хинди тілін Қазақстанда Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде және Алматыда Үнді класикалық биорталығында оқытылатынына өте ризамын. Біраз жылдар бойынша ол сонымен бірге Еуразиялық ұлттық университетінде оқытылған. Қазақстанның бірнеше студенттері Үндістандағы Хинди тілінің орталығында хинди тілін оқып келді. Үндістанның үкіметі осы мақсатта гранттар береді.

Биылғы жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті көмегімен алғашқы хинди-қазақ-хинди сөздігін жарыққа шығаруды жоспарлап отырмыз. Бұл Үндістандағы студенттерге қазақ тілін, ал Қазақстандағы студенттерге хинди тілін үйренуге көмектеседі. Сіз таң қалатын шығарсыз, бірақ хинди мен қазақ тілінің арасында көптеген ортақ сөздер бар. Біз осындай бірнеше 200 ортақ сөзді таптық. Екі тілдегі сөздердің ортақтығы біздің тәрихи және мәдени қарым-қатынастардың дәлелі болып отыр. Осы екі сөз, Тез кадам, Үндістанның Премьер-Министрі Қазақстанға келген сапары кезінде дайындалған ортақ мәлімдемеге берілді.

Хинди тілінің танымалдылығының өсуін назарға ала отырып, 2008 жылы хинди тілін халықаралық тілі деңгейіне көтеру мақсатында Маврикийде Халықаралық хинди хатшылығы құрылды. Былтыр 2015 жылы қыркүйекте Бхопалда 10-Халықаралық хинди конференциясын өткіздік. Конференцияға

Үндістаннан басқа 39 мемлекеттің өкілі қатысты. Олар хинди тілін Біріккен ұлттар үйіміның ресми тілі ретінде жасауды ұсынды. Біз бұл бағытта күш саламыз.

Мен соңғы жылдары Халықаралық хинди тілі күні Қазақстанда тойланып жатқандығына өте қуаныштымын. Мен Үнді классикалық би орталығына биылғы жылы Халықаралық хинди тілі күнін үйімдастыруға бастамасына және Ерұлан Жиенбаев мырзаға, Махахта Ганди атындағы мектебінің директоры, іс-шараны өткізуге орын бергендігіне алғысымды білдіремін. Барлықтарыңызға мерекеге қатысқандарыңыз үшін раҳмет айтамын.